

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«Бекітемін»
И және ОӘЖ
жөніндегі проректор
_____ А.З.Исағұлов
«___» _____ 2013 ж**

ОҚЫТУШЫ ПӘНІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Say 2110 «Саясаттану» пәні

Say 10 Саясаттану модулі

5B071000 «Материалтану және жаңа материалдардың технологиясы»
мамандығы

Машина жасау институты

Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»
И және ОӘЖ
жөніндегі проректор
_____ А.З.Исағұлов
«___» _____ 2013 ж

ОҚЫТУШЫ ПӘНІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Say 1110 «Саясаттану» пәні бойынша

Say 10 Саясаттану модулі

5B070900 «Металлургия» мамандығы

Машина жасау институты

Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»
И және ОӘЖ
жөніндегі проректор
_____ **А.З.Исағұлов**
« ____ » _____ **2013 ж**

ОҚЫТУШЫ ПӘНІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Saya 2110 «Саясаттану» пәні бойынша

5B072900 «Құрылыс» мамандығының студенттері үшін

Сәулет-құрылыс институты

Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасы

Оқытушы пәнінің оқу-әдістемелік кешенін әзірледі: тарих ғылымының кандидаты, доцент Қасымова Сәуле Сүйіндікқызы, философия ғылымының кандидаты, доцент Нұрман Бахредден Ғабдылбақиұлы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, профессор Матвеевкова Людмила Геннадьевна, аға оқытушы Сиводедова Анастасия Васильевна, аға оқытушы Жетпісбаев Айдар Отарбекұлы.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының отырысында талқыланған

Хаттама № _____ «_____» _____ 2013 ж.

Каф. меңгерушісі _____ «_____» _____ 2013 ж.
С.Б.Балшикеев

Архитектура - құрылыс факультетінің оқу - әдістемелік бюросымен мақұлданған

Хаттама № _____ «_____» _____ 2013 ж.

Төраға _____ «_____» _____ 2013 ж.

_____ кафедрасымен келісіледі
(кафедраның аты)

Кафедра меңгерушісі _____ «_____» _____ 2013 ж.
(қолы)

_____ кафедрасымен келісіледі
(кафедраның аты)

Кафедра меңгерушісі _____ «_____» _____ 2013 ж.
(қолы)

_____ кафедрасымен келісіледі
(кафедраның аты)

Кафедра меңгерушісі _____ «_____» _____ 2013 ж.
(қолы)

1 Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

1.1 Оқытушы туралы мәліметтер және байланыстық ақпарат

Қасымова Сәуле Сүйіндікқызы тарих ғылымының кандидаты, доцент,
Нұғман Бахредден Ғабдылбақиұлы философия ғылымының кандидаты,
доцент,

Матвеевкова Людмила Геннадьевна әлеуметтану ғылымдарының
кандидаты, профессор

Сиводедова Анастасия Васильевна, аға оқытушы

Жетпісбаев Айдар Отарбекұлы, аға оқытушы.

ӘГП кафедрасы ҚарМТУ-нің 1 корпусында (Бейбітшілік Бульвары, 56), 223 аудиторияда орналасқан, байланыс телефоны 565932 (қосымша 2052)

1.2 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Се- местр	Кредиттер саны Кред. ESTC	Сабақтардың түрі					СДЖ сағат саны	Жалп ы сағат саны	Бақылау түрі
		Біріккен сағаттар саны			ОСӨ Ж сағат саны	Бар лық сағат			
		Дәрістер	Семинар сабақта ры	Зертх/ сабақ тар					
2	2 / 3	15	15		30	60	30	90	Емтихан

1.3 Пәннің сипаттамасы

«Саясаттану» пәні жоғары оқу орындарында оқытылатын міндетті әлеуметтік-гуманитарлық пәндер қатарына және жалпы білім беретін пәндер циклына кіреді.

«Саясаттану» пәні студентке қазіргі қоғамдық және саяси құрылыстың мән-мағынасын терең түсінуге және адамның қоғамдағы орны мен рөлін анықтауға көмектеседі. Саяси ғылымның бастау негіздерімен қарулана отырып адамның өзінің құқықтары мен бостандықтарын біліп, әрі оны дұрыс қолдана білуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар бұл пән адамдарға өзі өмір сүріп отырған қоғамның саяси үрдісіне араласып, демократиялық тәртіптерді қалыптастыруға, азаматтық, құқықтық қоғамды құруға, саяси институттардың адам мүддесі мен бостандығына қызмет етуіне ықпал етуіне мүмкіндік береді.

1.4 Пәннің мақсаты

«Саясаттану» пәні студенттерге саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен ағымдарға өздігінен талдау жасай білу дағдыларын меңгерту, саясат туралы қажетті білім көлемін беру, түсінік аппаратының қалыптасуына мүмкіндік туғызу мақсатын көздейді.

1.5 Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері келесідей: студенттерді Қазақстанда және одан сырт жерлерде болып жатқан саяси процестерге еркін ене алып, дұрыс бағдар ұстай білу біліктері мен дағдыларына төселдіру, студенттердің саяси мәдениетін қалыптастыру, олардың Қазақстанның алдында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуларына мүмкіндік жасау.

Берілген пәнді оқу нәтижесінде студенттердің:

түсінігі болуы керек:

- саяси ғылымдардың дамуының негізгі кезеңдері жайында;

білуі тиіс:

- саясаттың мәнін, саяси биліктің жүйесі мен қызметтерін, саяси процестердің мәнін және ондағы саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, әсіресе соның ішінде Қазақстандағы саяси процестердің ролі туралы;

істей білуі қажет:

- билік формаларын, мемлекеттік құрылым формаларын, саяси режим, партиялық жүйенің типтерін, демократияның үлгілерін анықтай алуы;

практикалық дағдыларды меңгеруі қажет:

- Дүние жүзінде және елімізде болып жатқан саяси жағдайларға өздігінен талдау жасау;

1.6 Айрықша деректемелер:

Берілген пәнді оқу үшін келесі пәндерді (бөлімдерді (тақырыптарды) көрсетумен) меңгеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
1.Қазақстан тарихы	Егеменді Қазақстанның қалыптасуы және дамуы.
2.Жалпы тарих (мектеп курсы)	Өркениет дамуының жүйесі және оның негізделуі

1.7 Тұрақты деректемелер

«Саясаттану» пәнін оқу кезінде алынған білімдер студенттердің «Құқық негіздері», «Философия» пәнін меңгеру барысында қолданылады.

1.8 Пәннің мазмұны

1.8.1 Сабақтардың түрлері бойынша пәннің мазмұны және олардың еңбек сыйымдылығы

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Пәннің еңбек сыйымдылығы, с.				
	Дәріс	Семинар	Зерт/ж	ОСӨЖ	СӨЖ
1. Саясаттану ғылым ретінде. Салыстырмалы саясаттану.	1	1	-	2	2
2. Саясат қоғамдық өмір жүйесінде.	-	1	-	2	2
3. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Қазақстан дағы саяси ойлардың тарихы.	3	2	-	4	4
4. Билік саяси феномен ретінде.	1	1	-	2	2
5. Әлеуметтік-этникалық қауымдастық және ұлттық саясат.	-	1	-	2	2
6. Қоғамның саяси жүйесі. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер.	4	2	-	4	4
7. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар.	2	1	-	2	2
8. Егеменді Қазақстанның саяси проблемалары.	-	1	-	2	2
9. Қоғамды демократияландыру және саяси жаңарту. Саяси технологиялар. Саяси болжам.	2	1	-	2	2
10. Саяси процесс және саяси іс-әрекет.	1	1	-	2	2
11. Саяси сана және саяси мәдениет.	1	1	-	2	2
12. Саяси элита және саяси көшбасшылық.	-	1	-	2	2
13. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Қазіргі заманғы ғаламдық проблемалар.	-	1	-	2	2
Қорытынды:	15	15	-	30	30

1.9 Негізгі әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы (өзгерістер және толықтыруларымен). Алматы. 2008.
2. Саяси партиялар туралы. ҚР Заңы. Астана. 2004.
3. «ҚР сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы. Астана, 2007. (өзгерістерімен және толықтыруларымен 2009 ж.).
4. Аристотель. Политика. Соч. в 4-х т. М., 1983.
5. Всеобщая декларация прав человека. Алматы, 1998.
6. Гоббс Т. Сочинения. М., 1998, т.1-2.
7. Гаджиев К.С. Введение в политическую науку. – М., 1997.
8. Назарбаев Н.А. Қазақстан -2030. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997.
9. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
10. Назарбаев Н.А. Сыздарлы он жыл. Алматы, Атамұра, 2003.
11. Назарбаев Н.А. Стратегия независимости. Алматы, Атамұра, 2003.
12. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. Алматы, Атамұра, 2003.
13. Назарбаев Н.А. Дағдарыстан – жаңаруға. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы. 2009.
14. Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. Алматы, Атамұра, 2003.
15. Макиавелли Н. Государь.- М., 1990.
16. Монтескье Ш. О духе законов. // Избр. Произведения. – М., 1995.
17. Жамылов Д.Ж. Саясаттану: Оқулық. Алматы: Жеті Жарғы, 2008 ж.
18. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.И., Исмағанбетова З.Н. Саясаттану: Оқу құралы. Алматы: Өлке, 2005.
19. Маймақов Ғ.Қ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы, 2000.
20. Саясаттану: Дәрістер жинағы. Рахымбаева А.С. Астана: Фолиант. 2009.
21. Нысанбаев А.Н. и др. Политология: Учебник. Алматы. 1998
22. Политология. Курс лекций под ред. Марченко М.Н. М.. 2003.
23. Панарин А.С. Политология: Учебное пособие.- М., 1997.
24. Платон. Сочинения. М., 1994. Т.3.
25. Пугачев В.П. Соловьев А.И. Политология: учебное пособие. М., 2002.

1.10 Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Ахметова М. Орысша-қазақша саяси сөздік: 5000-дай сөз және сөз тіркестері: сөздік/ М. Ахметова, А. Самратов. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. - 190 б.
2. Ахметов К. Г. Саясаттану негіздері: оқу құралы / К.Г. Ахметов, А.С. Нуржанова. - Алматы: [б. и.], 1994. - 80 с.
3. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық / Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі. - Алматы : Қазақстан, 2007 - 7-том / сост. С. Қ. Көшкімбаева. - Алматы, 2007. - 544 б.
4. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық / Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті. - Алматы: Қазақстан, 2007 - 8-том / құраст. М. Т. Лаумулин. - Алматы, 2007. - 537 б.

5. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық/Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті. - Алматы: Қазақстан, 2008 - 10-том / құраст. Ә. Ж. Тастенов. - Алматы, 2008. - 480 б.
6. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық/Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті. - Алматы: Қазақстан, 2008 - 9-том / құраст.: С. Қ. Көшкімбаев, А. Ж. Шоманов. - Алматы, 2008. - 340 б.
7. Әлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық/Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі. - Алматы: Қазақстан, 2006 -4-ші том / құраст. С. Т. Белгібаев. - Алматы, 2006. - 480 б.
8. Әлемдік саясаттану антологиясы:10 томдық/Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі.-Алматы: Қазақстан, 2006 - 5-том. - Алматы, 2006.-527 б.
9. Әлемдік саясаттану антологиясы : 10 томдық / Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі. - Алматы: Қазақстан, 2007 - 6-том / құраст. А. Ж. Шоманов. - Алматы, 2007. - 534 б.
10. Дорженов, С. У мен дерт: ұлттық-этностық және саяси-құқықтық мәселелер хақындағы ой-толғам /С. Дорженов. -Алматы: [б. и.],1997.
11. Жетпісқалиев,С.С. Бұқаралық ақпарат құралдары және саясат: методикалық қосымша оқу құралы / С. Жетпісқалиев; Көкшетау университеті. – Көкшетау. - 2005. - 91 с.
12. Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі: ғылыми басылым/Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Философия және саясаттану институты. - Астана: Елорда, 2005. - 352 бет
13. Қуатов, Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы ретінде мақұлдаған/Б. Қуатов; Қазақстан Республикасы Білім министрлігі. - Алматы: Білім, 1993. - 271 б.
14. Тәжікова, К. Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат=Ислам: мировоззрения, идеология, политика/К.Х. Тәжікова. - Алматы: Казахстан, 1989. - 175 с. - Б. ц.
15. ХХІ ғасыр: әлем саясаткерлері, руханият жетекшілері, зияткерлері мен кәсіпшілері Н.Ә. Назарбаев туралы: ғылыми басылы. - Астана: Атамұра, 2005. - 287 б.
16. Василенко И.А. Политическая глобалистика: уч. пособие. Москва. 2003.
17. Сирота Н.М. Политология: курс лекций. СПб.: Паритет, 2000
18. Тадевосян Э.В. Словарь - справочник по социологии и политологии. М.: Знание, 1996
19. Тихонравов Ю.В. Геополитика: учеб. пособие для вузов. М.: Инфра, 2000.
20. Сейдуманов С. Феномен многопартийности в Казахстане. Алматы, 1997.
21. Казахстанская политологическая энциклопедия. Центр политических исследований, Казахский гос. нац. ун-т им. аль-Фараби. Алматы, 1998
22. Козлов Г.Я., Булуктаев Ю.О. Политология: учеб. пособие. Алмат.гос.мед.ин-т. Алматы, 1995

1.11. Студенттердің білімдерін бағалау өлшемдері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау (60% дейін) және қорытынды аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейін мәнді құрайды.

Әріптік баға бойынша бағалау	Сандық бағалау эквиваленттері	Меңгерілген білімдердің проценттік мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

«А» (өте жақсы) деген баға, студент семестр барысында пәннің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша өте жақсы білім көрсеткен, сонымен қатар, өздік жұмыс тақырыптары бойынша жиі аралық білімін тапсырған, оқылатын пән бойынша негізгі бағдарлама бойынша теориялық және қолданбалы сұрақтарды оқуда дербестік көрсете білген жағдайда қойылады.

«А-» (өте жақсы) деген баға негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды, пәннің теориялық сұрақтарын жалпылауға қабілетін өте жақсы меңгеруін, аудиториялық және дербес жұмыс бойынша аралық тапсырмалардың жиі тапсырылуын болжайды.

«B+» (жақсы) деген баға, студент пәннің сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды көбінесе «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B» (жақсы) деген баға, студент, пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды уақытында «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B-» (жақсы) деген баға студентке, егер ол аудиториялық қалай болса, дәл солай СӨЖ тақырыптары бойынша пәннің теориялық және қолданбалы сұрақтарына жақсы бағытталады, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды жиі тапсыратын және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болған жағдайда қойылады.

«C+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша жалпы мағлұматтандырылған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және аудиториялық сабақтар мен СӨЖ бойынша білімі төмен, сондай-ақ, сабақтар босатқан жағдайда қойылады.

«F» (қанағаттанарлықсыз) деген баға студент, СӨЖ және сабақтардың түрлері бойынша теориялық және практикалық білімнің төмен деңгейіне де ие емес, сабақтарға жиі қатыспайтын және уақытында семестрлік тапсырмаларды тапсырмайтын жағдайда қойылады.

Аралық бақылау оқытудың 7-ші, 14-шы апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылау түрі	% -дық құрамы	Оқудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы %
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
Қатысу	0,3	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	5
Дәріс конспектілері	0,7		*		*		*		*		*		*		*		5
Семинардағы жұмыс	1,6	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	25
Тестілік сұрау	12,5							*							*		25
Емтихан																	40
Барлығы (аттестация бойынша)								30							30		60
Барлығы																	100

1.12 Саясаты және рәсімдері

«Саясаттану» пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

1.Сабаққа кешікпей келуді.

2. Себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтаманы, ал басқа жағдайларға түсініктеме хат түрінде жауап беруді сұраймын.

3.Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.

4.Оқу үрдісіндегі күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру және уақытында орындау.

5. Оқытушы мен топтағы студенттерге шыдамды, тілектес, ынтымақты қарым-қатынаста болу.

1.13 Пәннің оқу-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілгендігі

Авторлардың Аты – жөні	Оқу-әдістемелік әдебиеттің атауы	Баспа, басылып шығатын күні	Даналар саны	
			Кітап- ханада	Кафедра да
1	2	3	4	5
Негізгі әдебиет				
Ахметов К.Г., Нуржанова А.С.	Саясаттану негіздері: оқу құралы	Алматы, 1994	1	-
Баймұханов Е. М.	Саясаттану негіздері: оқу құралы	Қарағанды: ҚарМТУ, 2005.	20	1
Жамбылов Д. А.	Саясаттану негіздері: оқу құралы	Алматы: Жеті жарғы, 1998.	30	1
Жамбылов Д. А.	Саясаттану: оқулық	Алматы: Жеті жарғы, 2003.	1	-
Жамбылов Д. А.	Саясаттану: оқулық	Алматы: Жеті жарғы, 2005.	60	1
Матвееенкова Л.Г., Аманжолова М. К.	Саясаттану негіздері: оқу құралы	Қарағанды : ҚарМТУ, 2004.	50	1
Маймақов Ғ. Қ.	Қазақстан Республикасының саяси- құқықтық тарихы	Алматы: Ғылым, 2000.	23	1
Нысанбаев А.Н. и др.	Политология: Учебник	Алматы: Ақыл кітабы, 1998	16	1
Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н.	Саясаттану: оқу құралы	Алматы: Өлке, 2005.	88	1
Рахымбаева А. С.	Саясаттану: дәрістер жинағы	Астана: Фолиант, 2006	10	1
Полунина Г.В.	Политология: учеб. пособие	М.: Акалис, 1998	6	1
Власов В.И. и др.	Политология: Учеб. пособие	Ростов н/Д: МарТ, 2002.	3	1
Қосымша әдебиет				
Абдулатипов Р.Г.	Этнополитология: учеб. Пособие	М.; СПб.; Нижний Новгород: Питер, 2004.	3	-
Алимбаев Т.А.	Экология и политика: научное издание	Астана: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан, 2003	25	-

Амреев Б.	Казахстан и Саудовская Аравия: от восстановления исторических связей к политическому партнерству (1992-2002)	- Астана: Елорда, 2003.	1	-
Арыстанбекова А.	Казахстан в ООН: история и перспективы: монография	Алматы: Дайк-Пресс, 2004.	1	-
Аубакирова А.А.	Геополитические и географические факторы в формировании внешнеполитической стратегии Республики Казахстан	Алматы: Экономика, 2003	1	-
Белов Г.А.	Политология: курс лекций: учеб. пособие	М.: Черо, 1999	1	-
Бессонов Б.Н.	Фашизм: идеология, политика: научно-популярная литература	М.: Высш. шк., 1985.	1	-
Булатова А.Н. Исмагамбетова З.Н.	Политология: учеб. пособие	Алматы: Ғылым, 1998	4	1
Булатова А.Н. Исмагамбетова З.Н.	Политология: учеб. пособие	Алматы: Данекер, 2000	4	1
Василенко И.А.	Политическая глобалистика: учеб. пособие	М.: Логос, 2003.	2	1
Василик М.А.	Политология: Элементарный курс: Учеб. пособие	М.: Гардарики, 2001	10	
Видова О.И.	Нурсултан Назарбаев (След в истории)	Ростов н/Д: Феникс, 2003.	1	-
Гаджиев К.С.	Введение в геополитику: учеб. для вузов	М.: Логос, 2000	1	1
Григорьев В.К.	Курс лекций по политологии	Алматы: Әділет пресс, 1997	2	-
Джунусова Ж.Х. Булуқтаев Ю.О., Акимова А.М.	Введение в политологию: Учебно-метод. пособие	Алматы: Жеті жарғы, 1998	2	1
Джунусова Ж.Х. Булуқтаев Ю.О., Акимова А.М.	Введение в политологию: учеб.-метод. пособие	Алматы: Жеті жарғы, 1998	10	-
Ильин В.В.	Политология: учебник для вузов	М.: Книжный дом "Университет", 2000	1	-
	Казахстанская политологическая энциклопедия:	Центр политических исследований, Казахский гос. нац. ун-т им. аль-Фараби. Алматы, 1998	1	-
Кирхмаер А.А.	Онтология политики: базовые понятия и категории по курсу "политология": учеб.	Караганда: КарГТУ, 1999.	12	1

	пособие			
Козлов Г.Я. , Булуқтаев Ю.О.	Политология: учеб. пособие	Алмат.гос.мед.ин-т. Алматы, 1995	2	-
Коротец И.Д.	100 экзаменационных ответов по политологии: экзаменационный экспресс-справочник	Ростов н/Д: МарТ, 2002	4	-
Кравченко А.И.	Социология и политология: учеб. пособие для сред. проф. образования	М.: Академия: Мастерство, 2000	5	1
Кривогуз И.М.	Политология: Учебник	М.: ВЛАДОС: ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2001	12	-
Макаренков Е.В.	Политология: Альбом схем	М.: Юрист, 1998.	4	-
Мельник В.А.	Политология: учебник	Минск: Вышэйш. школа, 1997	2	-
Мухаев Р.Т.	Политология: Учебник	М.: Приор, 1997.	1	-
Мухаев Р.Т.	Политология: учеб. для студ. юрид. и гуманит. фак	М.: Приор, 2000	1	1
Мухаев Р.Т.	Политология: хрестоматия: пособие для вузов	М.: Приор, 2000.	1	-
Назарбаев Н.А.	Критическое десятилетие	Алматы: Атамур, 2003.	170	1
Назарбаев Н.А.	На пороге XXI века	Алматы: Атамур, 2003.	20	1
Назарбаев Н.А.	Стратегия независимости	Алматы: Атамур, 2003.	20	1
Назарбаев Н.А.	Эпицентр мира	Атамур, 2003	20	1

2. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны.	Ұсынылатын әдебиеттер	Орындалу ұзақтығы	Бақылау формасы	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6
Семинар сабақтарында жұмыс жасау	Курсты жоспарға сәйкес оқып меңгеру.	Дәріс конспектілері, бағдарламаға сәйкес ұсынылған әдебиеттерді оқып білу.	15 контактілі сағат	Ағымдағы	Апта сайын
ОСӨЖ	Бағдарлама бойынша курстың бөлімдерін оқып меңгеру, оқытушы консультациясы	Дәріс конспектілері, бағдарламаға сәйкес ұсынылған әдебиеттерді оқып білу.	30 контактілі сағат	Ағымдағы	Апта сайын

Тестілеу	Алған білімдерді бекіту.	Конспектiлер, әдебиеттер	1 контактілі сағат	Аралық	7, 14 апта
Емтихан	Пән бойынша материалдың меңгерілу деңгейін тексеру.	Негізгі және қосымша әдебиеттердің жалпы тізімі.	0.33 контактілі сағат	Қорытынды	Сессия кезеңінде

3. Дәрістердің қысқаша жазбасы

1-тақырып. Саясаттану – ғылым ретінде. Салыстырмалы саясаттану (1 сағат).

Дәрістің жоспары

1. Саясаттанудың қоғамдық ғылымдар жүйесінде алатын орны.
2. Саясаттанудың зерттеу объектісі, пәні және әдістері.
3. Саясаттанудың міндеттері, қызметі. Салыстырмалы саясаттану.

Саясатқа ғылыми талдау жасауды саяси құбылыстар мен процестердің өзіндік ерекшелікке ие бола отырып, негізінен әлеуметтік құбылыстардың ірі құрылымдарында көрінетіндігіне баса назар аударудан бастау керек. Саясатты билік қатынастары деп қана емес, сонымен бірге мемлекеттік шеңберден адамның мінез-құлқына дейінгі әлеуметтік процестерді басқарудағы негізгі күштердің, ақыл-парасаттың шоғырлану аймағы деп түсіну маңызды. Саясатты қойнауында белгісіз бен аз танылғанды іздеу жолдары мен қадамдары дамыған басқару түрі және басқару қатынастары деп қарастыруға болады.

Ғылыми әдебиеттерде саясаттанудың мазмұны мен құрылымы жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. Ғалымдардың бір тобы саясаттануды саяси әлеуметтану және саяси философиямен қатар тұратын саясат туралы ғылымдардың бірі деп қарайды. Екінші көзқарас саясат жөніндегі неғұрлым жалпы ғылым ретінде саясаттану мен саяси әлеуметтануды теңдестірумен байланысты. Үшінші көзқарас саясаттануды саяси әлеуметтану мен философияны қамтитын кіріктірілген ғылым деп қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда саясаттанудың құрылымына саясат жөнінде жеткілікті білім жүйесі тармақталған төмендегі ғылымдар кіреді: саяси ойлар тарихы, саяси философия, саяси әлеуметтану, саяси психология, саяси география, саяси этика.

Кез-келген ғылымның спецификасы оның объектісі мен пәнін анықтау арқылы айқындалады. Саясаттанудың объектісіне өзінің тұтастығымен және саналуандығымен көрінетін қоғамның саяси өмірі жатады. Саясаттанудың пәні саяси өмірдің дамуының объективтік заңдылықтарын, саясаттың тұтас қоғамдық құбылыс ретіндегі мәнін ашу болып табылады. Саясаттанудың пәні әртүрлі қоғамдық-саяси жүйелердегі әрекет етуші негізі идеялар мен заңдылықтарды айқындаумен, ішкі және сыртқы байланыс пен қарым-қатынастардың, қажетті құрылымдық элементтердің саясаттың макро және микро деңгейлерін анықтаумен, саясаттың әлеуметтік өлшемдерінің объективті белгілерін жасаумен байланысты.

Саясаттану ғылым ретінде әлеуметтік ғылымдарда пайдаланылатын кез-келген әдістерді қолданады: құқықтық (құқықтық формализм әдісі), жалпылогикалық (талдау мен жинақтау, абстракциялау, индукция және

дедукция, аналогия, модельдеу, ойлау эксперименті, абстракциялықтан нақтылыққа келу әдісі), эмпирикалық талдау әдісі (зерттейтін объект жайлы алғашқы ақпарат алу).

Саясаттану қоғам өмірінде әртүрлі қызмет атқарады. Атап айтқанда: танымдық, бағалау (аксиологиялық), саяси әлеуметтену, саяси жетілдіру, реттеу, тәрбиелеу қызметтері. Саяси әдебиеттерде саясаттанудың басқа да атқаратын қызметін кездестіруге болады, мысалы: теориялық, яғни саяси тұжырымдамаларды жасау, қоғамның саяси дамуының оның жеке кезеңдеріндегі сипатын түсіндіру; методологиялық – зерттеушілерге саяси нақтылықты түсінудің тиімді әдістерін беруші; тәжірибелік – саясаттың қолданбалылығы, оның саяси өмірдегі нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік беруі; болжау – қоғамның таяу арада даму перспективаларын, саяси процестерді модельдеу жолдарын айқындай білу. Саясаттанудың міндеттерін жіктеудің қандай жүйесі қолданылса да, бұл ғылым қоғамға теориялық мағына беруде және оның тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етуде ерекше маңызды роль атқарады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аристотель. Политика. Соч. в 4-х т. М., 1983.
2. Всеобщая декларация прав человека. Алматы, 1998.
3. Гоббс Т. Сочинения. М., 1998, т.1-2.
4. Политология. Курс лекций под ред. Марченко М.Н. М., 2003.
5. Жамбылов Д.Ж. Саясаттану: Оқулық. Алматы: Жеті Жарғы, 2008 ж.
6. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.И., Исмағанбетова З.Н. Саясаттану: Оқу құралы. Алматы: Өлке, 2005.
7. Саясаттану: Дәрістер жинағы. Рахымбаева А.С. Астана: Фолиант. 2009.
8. Нысанбаев А.Н. и др. Политология: Учебник. Алматы. 1998

СӨЖ тапсырмалары:

1. Дәптерге саясаттанудың негізгі әдістері мен мазмұнын жазу.
2. Берілген тақырыптардың біріне реферат дайындау.
3. Дәптерге саясаттың феноменін анықтайтын негізгі әдістерді жазу.

2- тақырып. Саяси ғылымдардың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Қазақстандағы саяси ойлардың тарихы. (3 сағат).

Дәрістің жоспары

1. Ежелгі Шығыс, Ежелгі Греция және Ежелгі Римдегі саяси ойлар.
2. Орта ғасыр және қайта өрлеу (Батыс Еуропа және Араб шығысы) дәуірінің саяси ойлары.
3. Жаңа заман және Ағарту дәуіріндегі саяси ойлардың дамуы.
4. XIX-XX ғасырлардағы (Т.Спенсер, К.Маркс, Л.Гумплович, Г.Моска, В.Парето, Р.Михельс, А.Бентли, Р.Даль) саяси ойлардың дамуы.
5. Қазақстандағы саяси ойлардың дамуы.

Саясаттану ғылымының тарихы – әртүрлі елдер мен халықтардың өкілдері жасаған көптеген саяси ілімдердің ауысуы мен пайда болуы, дамуы мен жанаруының тарихы. Уақыт өте келе саяси ілім ретінде орныға отырып, олар қоғамның өткені мен қазіргі өмірінде рухани және тәжірибелік маңызды роль

атқарды. Жүйелі әрі тұғырнамалы саяси білімнің пайда болуы адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерімен байланысты, әрі қоғамның, әлеуметтік топтар мен тұлғалардың өзін көрсете алуына қызмет етті.

Саяси ілімдерді талдау хронометриялық (уақыттық), кеңістіктік (географиялық) және портреттік (портреттік-жекелеу) өлшемдермен жүргізіледі. Алайда әдебиеттерде саяси ойлардың даму процесін басқаша талдауды да кездестіруге болады. Мысалы, кейбір авторлар саяси тұжырымдамаларды белгілі бір интеллектуалдық дәстүрлерге сүйене отырып жүйелейді және зерттейді.

Аталған өлшемдерді қолдана отырып саяси ойларға оның басқа бағыттарынан бұрын діни дәстүр (парадигма) қатты ықпал еткенін атап өту керек. Бұл діннің қоғамдық сананың басқа формаларынан ерте пайда болуымен байланысты. Діни-мифологиялық сипат алдымен биліктің және Жердегі барлық қоғамдық тәртіптердің пайда болу идеяларында көрініс тапты.

Ежелгі Египетте құдай биліктің қайнар көзі, әрі Жердегі тіршіліктің жалғасы болып саналды. Қоғамдағы жағдай адамның шығу тегі мен құқығы қандай топтан (кастадан) шыққандығымен анықталды. Үндістанда да билік жүйесі осыған ұқсас құрылды. Көнеүнділік діни шығарма «Ригведада» әлемдік тәртіп құдайлық заңдар мен касталық құрылыс идеясына негізделеді.

Саяси ойлар тарихында діни дәстүрдің классикалық түрінің өкілдері Августин Блаженный мен Фома Аквинский шіркеуді биліктің жоғары көзі деп негіздеуге тырысты. Орта ғасырлардағы мұсылман әлемі ойшылдарының көрнекті өкілі Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) Аристотель мен Платонның ізбасары бола отырып, адам іс-әрекетінің мақсаты – тек саналы таным арқылы мүмкін болатын бақыт деп тұжырымдады. Әл-Фараби мемлекетті тірі организммен теңестіре келе, қоғамға тірі организм ретінде қарады. Исламдық саяси ойлар тарихында мемлекеттің классикалық теориясының өкілі Әл-Ғазали (1058-1111) болып саналады. Ойшылдың зерттеген мәселесі – саяси орталықтандырусыз біртұтас ислам мемлекетін нығайту идеясы. Арабтық шығыстың көрнекті өкілі Ибн Халдун (1332-1406) мемлекеттердің құрылуы, дамуы мен құлдырауының «шынайы заңдарын» анықтап және билік жүргізу формаларының классификациясын жасады.

Ежелгі дүниедегі саяси ілімдерде, діни көзқарастар аясында заңдық дәстүрлер пайда бола бастады. Мұның дәлелі Конфуций, Мо-цзы, Дао-цзы, Қытайдағы легистердің саяси ілімдерінде, Үндістандағы Будда, Парсыдағы Заратустраның, Грециядағы Платон мен Аристотельдің, Римдегі заңгерлердің еңбектерінде рационализмнің көрініс табуы. Заңдық дәстүрлердің ерте қалыптасуының үлгісі Цицеронның атымен байланысты.

Саяси-әлеуметтік дәстүрдің одан әрі дамуы Қайта өрлеу және Ағартушылық дәуірі ойшылдарының еңбектерінде көрінді. Осы кезеңдегі мемлекетке, қоғам мен жеке адамға деген көзқарастар жүйесін азаматтық тұжырымдама деп атауға болады. Италиялық ойшыл Николло Макиавелли (1469-1527 жж.) Ғаламның кіндігі Құдай емес, адам деген ой айтты. Бұл Қайта өркендеу дәуірінің жаңалығы болды. Оның «макиавеллизм» деген атқа ие болған ілімі саясат пен билікте өз мақсатына қалай жетсең де дұрыс деген

қағиданың пайда болуына әкелді. Ол ел билеу мен мақсатқа жетудің әдістерін жеке бастың мүддесі үшін емес, мемлекет, қоғам игілігі үшін, елдің тұтастығы мен бірлігі, қуаттылығы мен тыныштығы үшін қолдануға кеңес береді.

Саясаттағы азаматтық-заңдық дәстүрдің мәнін түсіну, ұғыну, азаматтық қоғам туралы тұжырымдаманың дамуы ағылшын ойшылы Томас Гоббстың, Джон Локктың, француз ағартушысы Шарль Монтескьені еңбектерінде көрініс тапты. Саяси жүйеде алғаш рет биліктің бөліну қағидасының қолданылуы АҚШ-та жүзеге асты. «Қоғамдық келісім» теориясының дамуы француз ағартушысы Жан Жак Руссоның (1712-1778 жж.) еңбектерінде жалғасын тапты.

Алайда Қайта өркендеу дәуірі кезеңінде халықтың төменгі тобының талаптарын қолдаған әлеуметтік утопия деген атпен белгілі болған басқа да саяси теориялар шыға бастады. Утопияшылдар Т. Мор, Т. Кампанелла, Фурье, Сен Симон, Оуэн идеалды мемлекеттің үлгісін құра отырып, қоғамдық меншік идеясын қолдауға және жекеменшікті әлеуметтік бақытсыздықты туғызатын себеп деп сынауға қарсы болды. Саяси-социологиялық дәстүр жұмысшы табы идеологтары: К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И. Лениннің еңбектерінде көрінді. Гегель мен Фейербахтың ілімінің ықпалымен Карл Маркс саясат тұрғысынан алғанда өзекті идеясы қондырмалық факторлардың, сонымен қатар саясат пен мемлекеттің анықтамалық рөлі туралы тезис болған және өндіріс тәсілінің қолданылуымен, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігімен көрінетін базистік негіздер болатын тарихи материалистік теорияны жасады.

XX ғасырдағы саяси ойлар тарихы өзінің кең ауқымдағы әртүрлі теориялар және тұжырымдамаларымен көрінеді. Қазіргі саяси ғылымның негізгі даму бағытын атап өтейік. Ғасырдың басында саяси билік және оның әлеуметтік негіздері мәселелерін зерттейтін әлеуметтік тәсіл үстемдік құрды (М. Вебердің мемлекеттің әлеуметтік теориясы, Г. Моска, В. Парето, Р. Михельстің «элитарлық теориясы», А. Бентлидің «төбе топтар (элитарлық) теориясы», Г. Лассуэлдің мінез-құлық теориясы).

Қазақ даласында өндірістің көшпенді тәсіліне сүйенген, маңызды көрсеткіші хан сайлау дәстүрі болатын саяси қатынастардың демократиялық жүйесі болғандығын ерекше атап айту қажет. Кейінгі уақыттағы Қазақстан тарихы Қазақ хандығының жойылуы, жоңғарларға қарсы күрес, Орта және Кіші жүздердің Ресей бодандығын қабылдауы және XIX ғасырдың 60 жылдарында Ұлы жүздің Ресейге қосылуымен байланысты өрбиді. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты Қазақстанда тәуелсіздік пен бостандық жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тууына алып келді. ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілістер осының жарқын айғағы. Қазақ мемлекеттілігінің осы кезеңдегі даму тарихын ақ-қара қылып көрсетуге болмайды. Ұлы ағартушылар Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ойларында қазақ тарихы өзінің қарама-қайшылықты, жетістіктер мен қиындықтарға толы екендігімен көрінеді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. К.Г. Ахметов, А.С. Нуржанова. Саясаттану негіздері: оқу құралы - Алматы, 1994
2. Баймұханов, Е. М. Саясаттану негіздері: оқу құралы Қарағанды, 2005.
3. Жамбылов, Д. А. Саясаттану негіздері: оқу құралы Алматы, 1998.
4. Жамбылов, Д. А. Саясаттану: оқулық Алматы: Жеті жарғы, 2003.
5. Жамбылов, Д. А. Саясаттану: оқулық Алматы: Жеті жарғы, 2008.
6. Матвееenkova, Л. Г., М. К. Аманжолова Саясаттану негіздері: оқу құралы Қарағанды : ҚарМТУ, 2004.
7. Маймақов, Ғ. Қ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы Алматы: Ғылым, 2000.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Тақырып бойынша көрсетілген әдебиеттерді оқып білу.
2. Берілген тақырыптардың біріне реферат дайындау.

3 тақырып. Билік саяси феномен ретінде (1 сағат)

Дәрістің жоспары.

1. Билік ұғымы. Билік туралы тұжырымдамалар. қызметтері, жіктелуі.
2. Биліктің құрылымы: негіздері, қорлары, міндеттері.
3. Биліктің легитимдігі.

Билік пен саясат бір-бірінен ажырағысыз, өзара келісімді: билік саясатты жүзеге асырады, сонымен бірге билік үшін оған ие болу, оны ұстап тұру және жүзеге асыру үшін күрес – саясаттың негізгі мазмұны. Ғылыми әдебиеттерде билікке көптеген анықтамалар берілген. Билікті түсіндірудегі әртүрлі анықтамалар субъектіге адамдардан нақты іс-әрекеттердің орындалуын, адамшылық қарым-қатынастардағы белгілі бір ережелер мен тәртіптерді сақтауды талап етуге мүмкіндік беретін күш, дәстүрлер мен ерікті келісімге негізделген жағдаяттар (кадрлық, құқықтық, қаржылық) жиынтығы ретінде біріктіріледі. Билік әлеуметтік қатынастардың маңызды элементі және оның мынадай негізгі белгілері бар: басқару, реттеу мен бақылау түрі, әлеуметтік қатынастарды тәртіпке салу, биліктің еріктілік сипатының болуының арқасында адамдардың іс-әрекеті мақсатты бағытталады, билік адамзат қауымдастығының жіктелуімен байланысты, ол иерархиялық, ассимметриялық қатынастарда байқалады, оның іс-әрекетінде қаталдық, қысым көрсету болуы мүмкін.

Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Саяси билік келесі белгілерімен сипатталады: 1) басқару мен күштеу аппаратының бар болуы, мемлекет шеңберінде күш қолданудың ресмилігі; 2) кез-келген басқа билік үшін шешімдердің міндеттілігі, үстінен қараушылық, қоғамдық өмірдің барлық салалары мен кез-келген қоғамдық процестерге араласа алу қабілеттілігі; 3) ашықтық, жалпыға бірдейлік, мінсіздік, солай болғандықтан саяси билік барлық азаматтарға жүгінеді; 4) көпорталықтық, яғни шешім қабылдауда біртұтас орталықтың бар болуы; 5) қорлардың саналуандығы, биліктің басқа түрлерінен саяси биліктің айырмашылығы барлық билік қорларын пайдалана алады. Саяси биліктің қызмет етуінің негізгі қағидалары мыналар: заңдылық,

әрекеттілік, өтімділік, ұтымдылық, шынайылық, төзімділік, қорғау, өзара сын, беріктік, жасырушылық (сыр шашпау), тиімділік.

Мемлекеттік билік – бұл субъектілер арасындағы мемлекеттік мәжбүрлікке сүйенген үстемдік пен бағынудың саяси-көпшілік қатынастары. Мемлекеттік биліктің мынадай белгілері бар: ашық-саяси сипатқа ие, қоғамның барлық салаларына таралады, мемлекеттік мәжбүрлеуге арқа сүйейді, арнайы адамдар арқылы іске асырылады (шенеуніктер, саясаткерлер, т.с.с.), салық жүйесін қолданады, халықты территориялық белгілеріне қарай бөледі.

Заманауи қоғамдағы биліктің міндетті белгісі ол – биліктің легитимдігі болып табылады. Легитимдік туралы айтқанда көбінесе саяси жүйенің халықтың қолдауына ие болу қабілеті және қоғам мен халықаралық ынтымақтастықтың ресми биліктің заңдылығын тануы ұғынылады. Саяси биліктің легитимдігі былайша жіктеледі: 1) рационалды легитимдік – билік мойындалған құқықтық нормалармен заңдастырылған және демократиялық жолмен орныққан, билік өкілдерінің заңды түрде сайлануы және жеке тұлғаға емес заңға бағынуға негізделген; 2) дәстүрлі легитимдік – халықтың әдет-ғұрып, тәртіптерді мойындап дұрыс, заңды деп тануы; 3) харизматикалық легитимдік – билік саяси басшының ерекше өзіндік басқарушылық қабілетіне, беделі мен сапалық қасиеттеріне сүйенеді.

Демократиялық саяси жүйеде мемлекеттік билікке ие саяси күштермен қатар оған қарсы тұратын оппозицияға да конструктивтік өзара әрекеттестікке, тіршілік етуге мүмкіндік ашылады. Оппозиция билікке ықпал ету үшін өзара әрекеттестіктің әртүрлі формаларын пайдалана алады. Саяси оппозиция ықыласты (лояльды) оппозиция, ықылассыз (лояльды емес) оппозиция және жартылай ықыласты оппозиция болып бөлінеді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. ҚР. Конституциясы. Алматы, 1997.
2. Жамбылов, Д. А. Саясаттану: оқулық Алматы: Жеті жарғы, 2008.
3. Пугачев В.П., Соловьев А.И. Введение в политологию. М., 1997.
4. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.Ю., Акимова А.М. Введение в политологию. Алматы, 1998.
5. Основы политологии. Курс лекций. Алматы, 1995
6. Основы политологии: Курс лекций /Под ред. Пугачева В.П. М., 1992.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Тақырып бойынша көрсетілген әдебиеттерді оқып білу.
2. Рефераттарды талқылауға дайындалу.

4 - тақырып. Қоғамның саяси жүйесі. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер (4 сағат).

Дәрістің жоспары

1. Қоғамның саяси жүйесі туралы ұғым.
2. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің өзегі ретінде.
3. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет ұғымы.
4. ҚР азаматтық қоғам және құқықтық мемлекетті қалыптастыру проблемалары.

5. Саяси режимдер ұғымы және типтері.

«Саяси жүйе» ұғымы ХХ ғасырдың ортасында ғана терең негізделіп, тарала бастады. Оған басты себеп – жүйе тәсілі мен бихевиористік амалдың түрлі саяси құбылыстарды зерттеулерде етек алуы еді. Қазіргі кездегі саяси жүйе қағидаларының негізінде Аристотель заманынан бастау алған саясат жөніндегі түсінік жатыр. Т.Парсонстың әлеуметтік жүйе теориясы бойынша қоғамдағы рухани, экономикалық және саяси жүйелер өздерінің атқаратын қызметіне қарай ерекшеленеді. Сөйтіп, олар өз алдына жүйе болып алады. Саяси өмір сол сияқты Д. Истонның “Саяси жүйе” (1953), “Саяси талдаудың шегі” (1965), “Саяси өмірді жүйелеп талдау” (1965) атты еңбектерінде қарастырылады.

Қоғамның саяси жүйесі - дегеніміз жалпы алғанда белгілі бір таптардың, әлеуметтік топтардың, ұлттардың әрқайсысына және бәріне тән мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған билік жүргізуші құрылымдар жиынтығы. Оған: мемлекеттік мекемелер; саяси партиялар және түрлі қоғамдық ұйымдар кіреді.

Енді саяси жүйенің құрылымы мен атқаратын қызметіне талдау жасап көрейік. Саяси жүйеге мынадай түрліше саяси жүйе тармақтары кіреді: институционалдық, нормативтік, функционалдық, коммуникативтік және мәдени. Институционалдық тармаққа, мысалы мемлекеттік мекемелер, партиялар, қоғамдық саяси ұйымдар жатады. Олардың ең бастысы - мемлекет. Мемлекет - саяси ұйымның жоғарғы формасы ретінде қоғамның саяси жүйесінің ең басты бөлігі, түйіні болып табылады.

Саяси жүйе атқаратын қызметтер сан алуан: 1. Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің қалыпқа келтірілген, ережелерде реттеліп бекітілген, яғни институционалданған жағдайға келтірілген түрі. Осыдан конституцияға негіз болған жалпыға міндетті заңдар шығарылады. 2. Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат-мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларын басқарады. 3. Саяси жүйе қоғамда жинақтаушы, топтастырушы рөл атқарады. 4. Экономиканың қалыпты дамуына қажетті жағдайлар жасап отыру. Мысалы, саяси жүйе өндіріс құрал-жабдықтарының меншік түрлерін құқықтық жағынан реттейді, қаржы жүйесін, салық саясатын жүргізеді.

Саяси жүйені жіктеп-топтау жөнінде әлі де ортақ пікір қалыптаспаған. Маркстік көзқарасты жақтаушылар саяси жүйені жіктеуде оның қай қоғамдық-экономикалық формацияда екендігін, әлеуметтік-экономикалық құрылымын өлшем етіп алады.

Әлеуметтік негізге сай жіктесек әскери және азаматтық басқару, ұлттық-демократиялық немесе буржуазиялық-демократиялық жүйе болып бөлінеді.

Саяси жүйелерді әртүрлі өлшем тұрғысынан жіктеу (типология) мынадай:

- формация мен әлеуметтік-экономикалық құрылымы жағынан қарау (марксистік тәсіл: құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, коммунистік-әлеуметтік-саяси жүйелер);

- мемлекеттігі орныққан саяси тәртіп тұрғысынан (демократиялық, авторитарлық, тоталитарлық);

- әдеттегі саяси жүйеден модернизацияланған жүйеге өту кезеңі тұрғысынан;

- саяси мәдениеттер айырмашылығы тұрғысынан;

Ж.Блонделдің саяси жүйені жіктеу түрлері (бес категориялы : либералды-демократиялық, радикалды-авторитарлық, немесе коммунистік, дәстүрлі, популистік, авторитарлы-консервативтік саяси жүйелер). Саяси жүйелер өзінің ұстанған бағытына, тұрақтылығы мен өзгергіштігіне қарай консервативті және трансформацияланушы болып бөлінеді. Трансформацияланушы саяси жүйелердің өзі керітартпа және прогрессивті мағынада болуы мүмкін. Саяси жүйелер сонымен қатар ашық және жабық, аяқталған және аяқталмаған, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған болып жіктеледі.

Мемлекет әртүрлі әлеуметтік топтардың мүддесін қамтамасыз ететін саяси ұйым ретіндегі саяси жүйенің негізгі элементі болып табылады. Қоғамдық ғылымдарда мемлекеттің пайда болуы туралы концепциялар бар. Соның ішінде кең таралғандары олар: патриархалдық теория мемлекеті бір әкелік биліктің астына кіші жанұялардың еркін жинауы осының негізінен оны үлкен жанұя деп қарастырады; теократиялық концепция мемлекеттің пайда болуын негізінен құдай орнатқан деп қарастырады; қоғамдық келісім концепциясы /Т. Гоббс, Б. Спиноза, Дж. Локк т.б./ мемлекеттің пайда болуын басқарушы мен бағынушының тәртіп және қоғам өмірінің ұйымдастыру мақсаты мен келісім арқылы пайда болған деп тұжырымдайды; күштеу теориясы ол мемлекетті тікелей саясаттың әсері – ішкі немесе сыртқы күштеудің жаулаудың нәтижесі деп жариялайды; әлеуметтік – экономикалық концепция мемлекеттің пайда болуын мынандай факторлардың әсері мен олар қоғам еңбек бөлінісі, экономикалық қызығушылық, әлеуметтік қайшылықтар мен пайда болуы дейді.

Мемлекеттің негізгі белгілері мыналар: 1) Территория бірлігі 2) Ұлттың өз анықтаушылығы 3) Қоғам үстінде тұрып және оның басқарып отыратын белгілі жүйе қоғам өмірінің негізгі саласымен басқарып отыратын публикалық биліктік бар болуы 4) Құқықтың болуы, яғни халық билігімен орнатылған және санкцияланған міндетті мінез-құлық тәртібі 5) Салық – ол публикалық билік арқылы мемлекеттің қызметін жүзеге асыру кезіндегі пайда болған шығынтарын жабу және толтыру үшін азаматтар мен коммерциялық ұйымдар алатын міндетті төлеу 6) Тәуелсіздік – ол мемлекет биліктің тәуелсіздік ұйымдастыруын ұсынады.

Басқару түрі – ол жоғарғы мемлекеттік биліктің ұйымдастыру тәсілі, органдарының қарым-қатынас жасау принципі, және оның қалыптасуына тұрғындардың қатысуы. Басқару түрінің екі негізгі түрі бар, олар: монархия және республика.

Монархия – ол басқару түрі осыған сәйкес мемлекеттегі жоғарғы билік мемлекет басшысының қызметін көбінесе басқа билік қызметін біріктереді. Олар: заң шығарушы, атқарушы билік бір адамның қолында – ол монарх.

Монархия екі түрде өмір сүреді: абсолюттік және конституциялық. Абсолюттік монархияда мемлекеттік билік монархтың өзімен жүзеге асады.

Конституциялық монархия. Онда монарх билігі басқа билік органдарымен шектелген, ол конституцияға негізделген.

Республика – басқару түрі, онда мемлекеттегі жоғарғы билік сақтаушы органға жатады, олар парламентке және президентке. Республиканың бірнеше түрі бар. Олар: парламенттік, президенттік және аралас. Парламенттік республиканың ең басты айырмашылығы – ол үкіметтің парламент негізінен қалыптасуы және парламент алдында формалдық жауапкершілігі. Президенттік республиканың айырмашылығы, онда (АҚШ, Азия елдері, Африка) президент бір уақытта мемлекет басшысы және үкімет басшысы, ішкі және сыртқы саясатпен басқарады және қарулы күштердің жоғарғы күштердің басшысы болады. Аралас республика Австрияда, Ирландияда, Португалияда, Польшада, Финляндияда, Франция ж.т.б. елдерде бар. Мұнда үкіметке екі жақты жауапкершілік жүктеледі, яғни Президенттің алдында да, Парламенттің алдында да жауап беруге міндетті.

Мемлекеттік құрылыстың негізгі екі формасы бар: унитарлық және федерация. Унитарлық мемлекет – бұл әкімшілік-аумақтық бірліктері қандай да бір саяси дербестікті иеленбеген қарапайым мемлекет (Франция, Ұлыбритания, Жапония, Қазақстан және басқалары). Федеративтік мемлекет - заңды және белгілі бір саяси дербестікке ие бірнеше мемлекеттік құрылымнан тұратын күрделі, одақтық мемлекет. Конфедерация – бұл қандай да бір мемлекеттік қызмет түрін үйлестіру үшін құрылған егеменді мемлекеттердің одағы. Алға қойған міндеттерге қол жеткізген соң конфедерация не унитарлық мемлекеттерге тарайды, не болмаса, федерацияға айналады. Конфедерацияның үлгісіне 1776-1787 жж. АҚШ-ты, 1848 жылға дейінгі Швейцарияны, 1815-1867 жж. Герман одағын жатқызуға болады.

Саяси режим мемлекеттің маңызды сипаты болып табылады. Саяси режим – бұл демократиялық құқықтар мен бостандық күйін сипаттайтын билікті жүзеге асырудың белгілі бір әдістер жүйесі. Режим саяси басшылық мәнерін, саяси жүйенің қызмет ету ерекшеліктерін сипаттайды. Елдегі басқарудың саяси тәртібіне қарай саяси жүйе демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық болып бөлінеді.

Демократиялық жүйеде өкіметтің билігін шектеп отыратын, бақылау тетіктері мықты болады. Биліктің демократиялық тәртібі екіге бөлінеді. Олар президенттік және парламенттік басқару. Бүгін таңда 25 мемлекетте саяси өкімет билігі конституциялық монархияның қолында болса, 4 елде шексіз билікті иемденген діни ұйымның қолында.

Тоталитарлы тәртіп үстемдігі кезінде еңбек ұжымдары саяси жүйенің сөз жүзіндегі жалған субъектісі болады. Мысалы, олардың қызметі тек белгілі бір еңбек саласымен ғана шектелді. Біз өндіріс құрал-жабдықтары да еңбекшілерге қарамаған, тек сөз жүзінде ғана солардікі деп есептелетіндіктен, оларға деген адамдардың қатынасы, ниеттері де немқұрайды екенін кеш мойындап отырмыз. Ұжым өмірінде болып жатқан басты-басты маңызды мәселелерге қатысудан еңбекшілердің өздері шеттетілген соң, олардың экономикаға, саясатқа деген ынта-жігері, көзқарастары селқос болып немқұрайдылықты туғызды. Осындай күй кешкен еңбек ұжымдары саяси жүйенің негізі болу қаблетінен айрылады.

Тоталитарлы саяси жүйеінің пайда болуы түрлі себептерге байланысты. Олардың ішінде мыналар: меншіктің жаппай мемлекеттендірілуі; бір ғана саяси

партияның орын тебуі және оның мемлекетпен тұтасып кетуі, қоғамның оның ішінде, рухани өмірдің бір ізге ғана түсіріліп, бірыңғайлануы, партияны, көсемді дәріптеу, қоғамдық санада тек бір ғана “дұрыс жол бар” деген түсініктің қалыптасуы және т.б. Сонымен қатар, саяси жүйенің қызметін оның қоғамда өзгерте алатын іс-әрекетінен де көрінеді. Ондай өзгерістер не күштеу қолданылмайтын реформалар арқылы жасалатыны белгілі. Тарихтан бұған қатысты материалдарды көптеп келтіруге болады.

Ал авторитарлы жүйені танып білу, қиынға соғады. Өйткені авторитарлы жүйе автократия өмір сүрген мемлекетте болады. Автократия (грек сөзі) бір адамға жоғары өкімет билігін шексіз беру арқылы басқару жүйесі. Автократия өмір сүрген мемлекет басқаруында демократияның да, тоталитарлы тәртіптің де белгілері білінбейді. Сөйтіп авторитарлы жүйенің тоталитарлы жүйеден айырмашылығы, биліктегі өкімет тоталитарлы тәртіптің мақсатын қайталамауында. Авторитарлы жүйе жалпыға бірдей идеология ұстапбайды. Аталған жүйе көбінесе ұлттық мүддеге басты көңіл бөледі. Авторитарлы тәртіптің бірі діни адамдардың яғни діни ұйымның қолындағы билік. Мысалы, оған 1979 жылғы Ирандағы революциядан кейінгі нағыз теократиялық (дін иелерінің құрған) авторитарлы тәртібі. Әлемде авторитарлы тәртіптің бұдан өзге де түрлері бар. Мексикадағы көппартиялық жағдайдағы билікте отырған «революциялық» партия. Олар оппозицияға жол ашып сайлау өткізуге рұхсат берді. Алайда бұл қадамдардың көбі жасанды екенін де мойындауымыз керек. Бәрібір ондағы билікті бір партия өз қолынан шығармады. Үшіншісі-әскери билік. Бұл билік тұсында саяси қызметтерге тиым салынады, не шектеледі, демократия тұншықтырылды. Төртіншіден, жеке дара билеу тәртібі - бұл жағдайда лидер мемлекеттегі институттардың әлсіздігінс қарамай, полицияның көмсігіне сүйеніп билік жүргізеді. Бұл-авторитарлы тәртіптегі ең тұрақсыз осал биліктің түрі. Биліктің бұл түрі үстемдік еткенде, өкімет басында басқа институттардың қолдауынсыз ұзақ тұру өте қиын болады. Алайда белгілі бір кезеңде тәртіптің бұл түрі де біраз өмір сүруі ықтимал.

Бесіншіден, қазір де жоғалып бара жатқан авторитарлы тәртіптің бір түрі-монархия (моно-дара) болып табылады. Алайда монархиялық тәртіптің бәрі авторитарлы емес. Европада (Ұлыбритания, Норвегия, Швеция, Дания, Бельгия, Люксембург, Испания) мемлекеттеріндегі монархиялық билік. Ал шындығында оларда мемлекеттік билік демократиялық парламенттің қолында. Монархтың мемлекеттің қоғамдық өміріне араласуы конституциямен шектелген. Ондай тәртіп Ұлыбританиядағы Королдік.

Даму сатысы біршама төмен елдерде (Морокко, Иордания, Сауд Арабиясы Королдігі және т. б.) монарх нағыз ел билеуші ретінде өз күшінде отыр. Қазіргі кезеңдегі саяси жүйенің тағы бір түрі дәстүрлі және жаңартылған (тілекке сай өзгертілген) түрі қалыптасуда. Дәстүрлі жүйеге дамымай қалған нашар азаматтық қоғамдағы саяси ролі әлсіз, билік қабілеттері бытыраңқы, бірақ ерекше дарынды әдіске сүйенген билік жатады. Жаңартылған қазіргі заманғы жүйеде дамыған азаматтық қоғам қалыптасқан, биліктің тиімді әдістері таңдалып алынған елдер жатады.

Азаматтық қоғам туралы айтатын болсақ, оның құрылымы өте күрделі екенін көруге болады. Оған шаруашылық, экономикалық, діни, этникалық, отбасылық-туыстық, рухани және құқықтық қатынастар, сондай-ақ, биліктің алғашқы субъектілері ретінде жеке тұлғалар, мүдделі топтар, партиялар және т.б. арасындағы мемлекеттен тыс саяси қатынастар кіреді. Азаматтық қоғамда тік үстемдік-бағынушылық қатынас емес, көлденең - бәсекелестік және ынтымақтастық қатынастар басым.

Қазіргі Қазақстан мемлекеті – бірегей тарихи оқиғалар жемісі. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстан аумағында саяси автономия – Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. 1936 жылы Қазақ АКСР-і Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды, ол 1937 жылғы, кейін 1978 жылғы Конституциялар бойынша КСРО деп аталған мемлекеттің ішіндегі мемлекет болды. Десек те, ол кезде егемендігі болмағандықтан Қазақ КСР-ін мемлекет деп санау мүмкін болмады.

КСРО-ның тарауы нәтижесінде Қазақ КСР-і дербес, егеменді мемлекет болды. 1991 жылы тәуелсіздік жарияланған сәттен бастап 5 жыл бойы Қазақстанда негізінен 1995 жылғы Конституциямен анықталған мемлекеттіліктің негізгі нысандарын қалыптастыру процестері жүрді.

Республика Конституциясы мемлекеттік тетікті, қоғамдық-саяси институттар қызметінің негізі болатын қағидаларды бекітті, адам және азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі. Көпұлтты Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылды. Қазақстан Республикасының Конституциясы қолданыстағы құқық жүйесінен жоғары тұрғанын, оның нормалары бүкіл мемлекет аумағында тікелей қолданылатынын атап өткен жөн.

Конституцияға сәйкес Қазақстан – президенттік басқару нысанындағы унитарлы мемлекет.

Қазақстан Республикасының унитарлық құрылымы келесі қағидаларға негізделеді: территориялық және мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік билік жүйесінің бірыңғайлығы, заң шығару жүйесінің бірыңғайлығы, бір азаматтық. Мемлекеттік құрылыстың унитарлық формасы егеменді Қазақстан мемлекеті шегінде басқа ұлттық-мемлекеттік және территориялық құрылымдарды тиімсіз деп пайымдайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары жүйесін Парламент (заң шығарушы билік), Үкімет (атқарушы билік) және Жоғарғы Сот (сот билігі) құрайды. Конституцияның 3-бабы «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады» деп белгілеген.

Парламент – заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілеттік орган. Парламент заң шығару қызметімен қатар атқарушы билікке қатысты белгілі бір бақылау міндетін атқарады. Ол – республикалық бюджетті бекіту, Үкімет бағдарламаларын қолдау немесе кейінге қалдыру, Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру.

Қазақстан Республикасының Конституциясы алғаш рет Парламенттің екі палаталық құрылымын: Сенат және Мәжілісті бекітті. Мәжіліс Қазақстанның барлық азаматтарының мүддесін қорғайды, оның депутаттарының көпшілік бөлігі (98) 5 жылдық мерзімге жалпыға ортақ сайлау негізінде сайланады. Сенат депутаттарының жартысы жанама сайлаумен сайланып, жартысы Президент арқылы тағайындалады және әкімшілік-аумақтық округтардың мүддесін білдіреді. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – 6 жыл, әр 3 жыл сайын Сенат депутаттары құрамын жаңарту жүргізіледі.

Үкімет атқарушы билікті жүзеге асырып, атқарушы органдар жүйесін басқарады. Үкіметті Президент құрады, яғни, Президент Мәжілістегі партиялармен кеңескеннен кейін Мәжіліске Премьер-Министрдің кандидатурасын бекітуге ұсынады, ал Премьер-Министр өз қызметіне кіріскеннен кейін Үкіметтің жеке құрамын бекітуге Президентке ұсыныс жасайды. Үкімет ағымдағы елді басқару жұмысын жүзеге асырады, мемлекеттің келешектегі даму бағдарламаларын әзірлейді. Ол Президент өкілеттігі шегінде әрекет етеді және қайта сайланған Президент алдында өз өкілеттігін тапсырады.

Үкімет бүкіл қызметі бойынша Президент алдында жауап береді және тек Конституцияда көзделген жағдайларда ғана Парламентке есеп береді.

Қандай да біреудің еркіне тәуелсіз және Республика атынан тек сотпен жүзеге асырылатын соттық билік Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің дербес тармағы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Жоғарғы Сот және жергілікті соттар құрайтын мемлекеттің біртұтас соттық жүйесін құрады. Қандай да бір атаумен және себептермен арнайы және төтенше соттарды құруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабы мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі Президенттің ролін анықтайды. Аталған бапқа сәйкес Президент мемлекеттің басшысы, оның ең жоғарғы лауазымды тұлғасы халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны, әрі кепілі болып табылады.

Халық өзі мемлекет басшысы етіп тағайындағандықтан Президент халық бірлігінің нышаны болып есептеледі. Бұл оған биліктің тікелей бірде-бір тармағына қатыссыз халық атынан сөйлеу құқығын береді. Президент оның бүкіл тармақтарының келісіммен әрекет жасауын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Президент жалпыға бірдей тең және төте сайлау құқығы негізінде бес жылдық мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Конституция Президентке кандидатқа қойылатын негізгі талаптарды анықтады: ол 40 жасқа толған, тұмысынан Республика азаматы болып табылатын және соңғы 15 жыл бойы Қазақстанда тұратын, мемлекеттік (қазақ тілін) тілді еркін меңгерген болуы тиіс.

1993 жылғы Конституция Президентті қызметінен босату және кетіру институтын ескерген жоқ. Бұл институт 1995 жылғы Конституцияда пайда

болды және Президент сырқаттануына байланысты өз қызметін жүзеге асыруға қабілетсіз болған жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылу мүмкіндігін бекітті. Президентті қызметінен кетіруге қатысты да айрықша тәртіп белгіленген. Президент мемлекетке опасыздық жасау жағдайында ғана өз міндеттерін атқару кезінде жасалған іс-әрекеттері үшін жауапқа тартылатыны белгіленген.

Конституция Президент қызметінде болуына байланысты шектеулерді белгілейді. Президент өкілдік органның депутаты бола алмайды, басқа да ақы төленетін қызметтерді атқаруға болмайды, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Конституцияның 44-бабы президенттің негізгі өкілеттіктерін, оның ішінде Үкіметті құру, барлық жоғарғы мемлекеттік қызметке тағайындау, референдум тағайындау және басқаларын анықтайды. Президент заңдарды қабылдаудың ретін анықтай алады. Конституцияда алдын ала қарастырылған жағдайларда заңдық күші бар Жарлықтар шығаруға құқылы. Заң шығару билігіне қатысты Президент кейінге қалдыру ветосы құқығына ие.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 63-бабына сәйкес Парламент палатасының төрағаларымен және Премьер-Министрмен кеңескеннен кейін Президент Қазақстан Республикасының Парламентін немесе Мәжілісін тарата алады.

Осылайша Қазақстан Республикасы өте күшті Президенттік биліктегі унитарлы Республика болып табылады.

Конституциялық бақылау және Конституциялық қорғау Конституциялық кеңеске жүктелген. Ол Төрағаны қоса алғанда жеті мүшеден құралады.

Қазақстан Республикасының экс-Президенттері өмір бойы Конституциялық кеңестің мүшесі болып табылады. Конституциялық кеңестің Төрағасын Президент тағайындап босатады, сонымен бірге Президент Конституциялық кеңестің екі мүшесін тағайындайды. Бұған қоса Конституциялық кеңестің екі мүшесін Сенат және тағы екі мүшесін Мәжіліс тағайындайды. Конституциялық бақылау органы мүшелерінің өкілеттік мерзімі – 6 жыл.

Конституциялық кеңеске мүшелік белгілі бір шектеулермен байланысты. Ол депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтерден басқа кәсіпкерлік қызметтерді жүзеге асыратын, төленетін өзге жұмыспен үйлеспейді.

Конституциялық кеңес заңдардың, Жарлықтардың және өзге де нормативтік актілердің Конституциялылығы туралы қорытынды береді. Президент Конституциялық кеңестің шешіміне наразылық білдіре алады. Егер Президенттің наразылық білдіруі еңсерілсе, Конституциялық кеңестің шешімі орындалуға міндетті болады және шағымдануға жатпайды.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. (өзгерістер және толықтыруларымен). Алматы, 2008.
2. Н.Назарбаев. Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, 1992.
3. Н.Назарбаев. Осмысление пройденного и дальнейшее демократическое реформирование общества. //Казахстанская правда, 1995, 1 июля.

5. Жамбылов, Д. А. Саясаттану: оқулық Алматы: Жеті жарғы, 2008.
6. Баймұханов, Е. М. Саясаттану негіздері: оқу құралы Қарағанды: ҚарМТУ, 2005.
7. Нысанбаев А.Н. и др. Политология: Учебник. Алматы. 1998
8. Политология. Курс лекций под ред. Марченко М.Н. М.. 2003.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Тақырып бойынша көрсетілген әдебиеттерді оқып білу.
2. Дәптерге қоғамның саяси жүйесін классификациялаудың негізгі түрлерін жазу.
3. ҚР Конституциясының мәтінімен жұмыс. (бөлімдер: Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес).

5-тақырып. Саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар (2 сағат)

Дәрістің жоспары

1. Саяси партия мәні және қызметері. Партиялық жүйе және оның түрлері
2. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар.
3. Қазақстандағы партиялық жүйенің ерекшеліктері мен бағыттары.

Саяси партиялар әртүрлі әлеуметтік топтардың саяси әрекетке ұсынатын мүдделерінің саналуандығының салдары болып табылатын қоғамның әлеуметтік әртектілігінің жемісі.

Саяси партиялар қоғамда биліктің бөлінуінің белгілі бір түрін, (соның ішінде экономикалық), мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасын, барлық саяси жүйелердің қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Партиялық жүйе деген ұғымға анықтама беріп, батыс саясаттанушыларының бұл мәселе туралы жасаған тұжырымдарына қысқаша тоқтала кету керек. Бұл ұғымның Европаға кеңінен тараған мазмұнын М. Дюверже анықтаған болатын. Оның ойынша: «партиялық жүйе деп партияның мемлекетте өмір сүру жағдайы мен түрін түсіну керек».

Қазіргі кездегі саяси партиялар Европада ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастаған. Бұған сол кезде болған буржуазиялық революциялар тікелей ықпал етті. Мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу түрі және жүзеге асырылуы ретінде парламенттер мен парламентаризм дүниеге келді. Жалпыға бірдей сайлау құқығының еңгізілуі бұқара халықтың саясатқа қатысу аясын одан әрі кеңейте түсті. Жұмысшы табының ұйымшылдығы күшейді. Олар парламентте өз мүдделерін қорғайтын көпшілік партияларды құра бастады. Саясатқа көптеген адамдар тартылып, әлеуметтік қайшылықтар кездеседі. Осыған байланысты саяси партиялардың ролі одан әрі өсті. Олар саясаттың негізгі субъектісіне айналды.

Саяси жүйедегі ролі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды төрт түрге топтастырады:

1. Авангардтық партиялар;
2. Сайлаушылар партиясы;
3. Парламенттік партия;
4. Қауымдастық партиясы.

Саяси идеологиясына қарай партияларды 5 түрге жүйелеп жүр.

1. Коммунистік партиялар мен солшыл радикалдық бағыттағы партиялар;
2. Социал-демократиялық (социалистік, лейбористік) партиялар;
3. Буржуазиялық-демократиялық саяси партиялар;
4. Консервативтік партиялар;
5. Фашистік партиялар.

Партияларды басты идеологиялық бағытына қарай революциялық, реформистік, консервативтік, реакциялық деп бөліп жүр. Реформистік партиялар қоғамда маңызды өзгерістер жасамақ, бірақ оның негізгі құрылысын сақтап қалмақ. Консервативтік партиялар қазіргі әлеуметтік өмірдің негізгі сипат, ерекшеліктерін сақтап қалмақ. Реакциялық партиялар – қоғам дамуындағы өтіп кеткен формацияларға қайтып оралуды көксеушілер.

Қандай саяси тәртіпті қолдануына байланысты партиялар демократиялық, тоталитарлық, авторитарлық болып жіктеледі. Демократиялық партиялар басқа партияларға төзімдікпен, түсінікпен қарайды, пікір алғанын жақтайды. Идеологиялық факторға онша мән бермейді. Тоталитарлық партиялар, керісінше саяси жүйенің басқа элементтерін өзіне бағындыруға тырысады. Әсіресе идеологияланған, қатаң тәртіпте бір партия құруға тырысады. Авторитарлық партиялар, әдетте, дамып келе жатқан елдерде пайда болады, отаршылыққа қарсы бағытталады. Олар әлеуметтік прогресі, экономикалық, саяси егемендігі үшін күреседі. Саяси өмірдегі алатын орыны, билікті жүзеге асыруға қатысына қарай партиялар билеуші және оппозициялық болып бөлінеді.

Билік үшін күресіп жүрген саяси партиялардың жағынан олар көппартиялық, екіпартиялық, бірпартиялық болып бөлінеді.

Көппартиялық деп мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әр түрлі мүдделері мен пікіралалығын пайдалана отырып басқару түрін айтады. Онда үш және одан артық партияқатысады. Бұл-адамзаттың қоғамдық басқаруда ойлап тапқан өркениетті түрі. Бір жақсысы онда саяси мәселелер жан-жақты қаралады. Кемшіліктерді кешірмейтін оппозициялық партиялардың болуы үкіметті тиімді жұмыс жасауға мәжбүр етеді. Бюрократияның өрістеуіне тежеу етеді. Билік басына кездейсоқ емес нағыз дарынды адамды келдіртеді.

Екіпартиялық жүйеде (бипартизм) басқа да кішігірім партиялар болуы мүмкін, бірақ билік үшін нағыз бәсекелестік ең ірі екі партияның арасында жүреді. Мұнда жалпыға бірдей тікелей сайлау нәтижесінде екі партияның бірі өзінен-өзі автоматты түрде парламентте көпшілік орынды қамтамасыз етеді. Ол Министрлер Кабинетінің орнықтылығын қамтамасыз етеді. Ол Үкіметті заң бойынша көрсетілген мерзімі біткенше қызметін атқарады. Ол мемлекет басшысын сайлауға жіберілген қаржыны да үнемдейді. Өйткені ол орынға жеңген партияның серкесі ие болады. Бипартиялық көппартиялықтағы сияқты өзінің жіберген қателіктерін бірге билеген партияларға аударып сала алмайды.

Бірпартиялық жүйе өзінен басқа, әсіресе бәсекелес партияларды болдырмайды. Ол тоталитарлық және авторитарлық қоғамдарға тән. Мұндай тәртіпте басқарушы партия бақылаушы және сынаушы оппозициялық

партиялардың жоқтығын пайдаланып, саяси билікті бүтіндей қолдана алып, басқа мемлекеттік органдарды ығыстырады.

Саяси партиялардың жұмысы құқықпен және Конституциямен реттеледі. Себебі, олардың жұмысы саяси жүйенің принциптері мен мақсаттарына қайшы келмеуі керек. Оларға жататындар: қоғамдық өмірде партияның орынын конституциялық жолмен рұқсат ету; саяси жүйеде партиялардың жұмыс істеу жағдайын белгілеу; сайлау жүйесінің жұмысына партиялардың қатысуы; мемлекеттік өкімет органдарына партиялардың өкілдік ету тәсілдері; мемлекеттік бюджеттен партиялардың қызметін қаржыландыру. Бірқатар елдердің заңдарында радио мен теледиарды кеңінен пайдалануға молқұқық берілген. Мұның бәрі сайлау науқанында жұмыс бабында партияларға тең жағдай қамтамасыз етілгендігі деп саналады.

Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуы. ХХ ғасырдың басында Қазақстанның экономикалық саяси және әлеуметтік жағдайы ауырлап кетті. Ресейдің отаршылық езгіс күшейе берді, одан қоныс аударушылар қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алуын көбейтті, халықтың жағдайы төмендей түсті. Сондықтан қазақтың зиялылары тығырықтан шығудың жолын іздеді. Алғашында олар үміттерін Ресейдің кадет партиясына артты. 1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында Қазақстанның бес облыс өкілдерінің съезі өтіп, онда Ә. Бөкейхановтың бастауымен тұңғыш саяси партия құруға қадам жасалды. Алайда елдің саяси-әлеуметтік және экономикалық артта қалғандығы кедергі болды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қоғамдық-саяси өмір жандана түсті. 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда Жалпықазақтық I съезд өтіп «Алаш» партиясы құрылды. Партияның 10 пункттен тұратын бағдарламасы қабылданды. Бұл аса маңызды құжатта қазақ өлкесін саяси-әлеуметтік және экономикалық жағынан дамытудың сол уақыттағы тиімді жолдары белгіленген болатын. Өкінішке орай большевиктер билікке келген соң «Алаш» қозғалысының мүшелері, олардың қызметі қудалауға түсті. Сөйтіп, бағдарламада көзделген ұлы мақсаттар жүзеге аспады.

Қазақстанның Конституциясы елдегі конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, Республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік ала ауыздық туғызу және заң жүзінде көрсетілген әскери құрылымдарды ұйымдастыруға тыйым салады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Дюверже М. Политические партии. – М., 2000.
2. Михельс Р. Социология политических партий в условиях демократии // Диалог, 1990, №5,9; 1991, №4.
3. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. Оқулық. Алматы, 2008 ж.
4. Дьяченко С. Саяси партия және саяси билік // Ақиқат, 1998, №11.
5. Қалиев Н. Қазақстан партиялық жүйесі // Саясат, 2002, №11.
6. Сейдуманов С. Феномен многопартийности в Казахстане. Алматы, 1997.
7. ҚР саяси партиялар туралы Заңы. Астана, 2004.
8. Булуктаев Ю.О., Чеботарев А.Е. Политические партии. Алматы, 2004.
9. Рахымбаева А.С. Саясаттану. Дәрістер жинағы. Астана, 2006.

СӨЖ тапсырмалары:

1. ҚР жетекші саяси партиялардың бағдарламалық және жарғылық құжаттарымен танысу.
2. «Мен – партия мүшесімін ... » деген тақырыпта пікірталасқа дайындалу.
3. Берілген тақырыптардың біріне реферат жазу.

6-тақырып. Қоғамды демократияландыру және саяси жаңарту. Саяси технологиялар. Саяси болжам (2 сағат)

Дәрістің жоспары

1. Демократия түсінігі, мәні және белгілері.
2. Қазіргі демократия теориялары.
3. Сайлау жүйесі және саяси технологиялар.
4. Саяси болжам.

Әлемде демократия орныққан елдерде демократиялық институттар шын мәнісінде адамзаттың бостандыққа және өзін-өзі басқаруына деген ұмтылысын жүзеге асыруда шешуші рол атқаруда. «Демократия» грек тілінен аударғанда «халық билігі» деген ұғымды білдіреді. Демократия халықтың басқару формасы. Жоғарғы билік халық қолында, оны тікелей немесе демократиялық жүйе негізінде өздері сайлаған өкілдер арқылы басқарады. Демократияның негізгі принципіне тоқталсақ, бұл жерде біз халық билігі адамдардың теңдігі мен бостандығы деуімізге болады. Бостандық пен демократия бірін-бірі алмастыратын түсінік ретінде қолданылады. Демократия жайындағы тұжырымдамаларда идеялар мен бостандықтар принципінің жиынтығы, сонымен қатар ауыр да ұзақ кезеңдерде қалыптасқан тәжірибенің жиынтығы жатыр. Жалпы бұл бойынша осы сұрақтар әртүрлі әдебиеттерде көп жазылады.

Демократияны тура, плебисцитарлық, өкілдік деп бөледі. Тура демократияда халық маңызды саяси шешімдерді қабылдауда, билік жүргізуге тікелей қатысады. Тура демократияға референдум, плебисциттер жатады. Референдумға маңызды заң шығарушы немесе ішкі-сыртқы мәселені түпкілікті шешу үшін сайлаушылардың көнілін білдіру жатады. Олар парламент, үкімет басшысы немесе халықтың бастамасымен өткізілуі мүмкін. Плебисцитарлық демократия – азаматтардың саяси ықпалы кемуі. Оларға сайлау арқылы заңның немесе басқа шешім жобасын қабылдау-қабылдамау құқығы беріледі. Оны әдетте президент, үкімет, партия немесе басқа бастамашы топ дайындайды. Мұнда халықтың жобаны дайындауға қатынасу мүмкіндігі өте аз. Өкілдік демократияда халықтың еркі депутаттарға беріледі. Азаматтар өздерінің көзқарастарының, мақсаттарының бағдарламаларының жақындығына байланысты депутаттарды сайлайды, оларға өз мүдделерін қорғауға сенім білдіреді.

Біздің Қазақстан Республикасы демократиялық, құқықтық мемлекет құруда. Сонымен қатар демократия тарихи құбылыс- оны қоғамға қалай болса солай көшіре салуға болмайды. Оны өткен ғасырдың 60-жылдарында егемендіктерін алған елдердің демократияландыру тәжірибесі ашық көрсетті.

Плебисциттік демократия теориясының негізін қалаушы М.Вебер болып саналады. Плебисцит деген сөздің мағынасы «ұлт көсемі», харизматикалық

басшысының заңдылығының негізі деп түсіндіріледі. Оның алдына қойған мақсаты – ұлттық саяси интеграциясын іс жүзінде асыру және мемлекеттің әкімшілік аппаратын жоғарыдан бақылау болып табылады. Вебердің тұжырымдамасы бойынша атқару үкіметінің басшысы яғни, әкімшіліктің жоғары басшысы ретінде тек қана тікелей халық сайлаған президент нағыз демократиялық үлгісі болып табылады. Сонымен президенттің ғана вето үкімін шығаруға, парламентті таратып жіберуге және референдум ұйымдастыруға хақысы бар. Бұл жағдайда бүкіл ұлт болып әртүрлі саяси топтардың іс-әрекетіне емес, керісінше өзі сайлаған көсеміне ғана бағынышты болуы тиіс. Плебисциттік – көсемдік демократияның негізінде халықтың тікелей дауыс беруі арқылы сайланған харизматикалық басшы халықтың мүддесін қорғауы тиіс. Осындай жағдай бюрократтардың зорлық –зомбылығына қарсы тұруға мүмкіншілік туғызады, себебі азаматтар өзінің басшысына бюрократияны бақылап отыру міндетін жүктейді. Плебисциттік демократия жағдайында халық және әрбір азамат саяси үрдістерге негізінен сайлауларға сырттай қатыса алады. М. Вебердің пайымдауынша бюрократтың иерархиялық жүйеден алшақ тұратын және әртүрлі таптардан статустардан және демографиялық саясатта тысқары тұратын өзінің билігі заңдылығының түп негізі бюрократиядан тәуелсіз деп білетін харизматикалық басшы ғана өзінің айналасына бүкіл ұлтты біріктіре алатын, сонымен бірге әрбір азаматта бюрократияның және «социалистік коллективизм» қысымынан қорғап қала алатын мүмкіншілікке ие бола алады. Плебисциттік демократия теориясының өмірге келуі, одан әрі дамуы 50-60 жылдарда Францияда республика тәжірибесінің негізінде полистік дәуірден бастама алды. Саясаткерлердің пікірінше, Франциядағы Ш. де Голь негізін қалаған саяси жүйе плебисциттік демократияның үлгісі болып саналады.

Партисипаторлық демократия теориясы. (Тікелей қатысу демократиясы): Қоғамның әлеуметтік –экономикалық өміріндегі мемлекеттің ролін күшейтудің қажеттілігі туралы мәселелермен шұғылданып және оны дәлелдейтіндер Батыстағы ПДТ жақтаушылары. Олардың пікірінше көпшілік өзіне тиранды сайлап алу немесе өзі тиранға айналуы сияқты бостандықтың күтпген жақтарынан сақтануға болады. Қоғамның бетке ұстарларының тираниясына қарсы жалпы сайлау және өздерінің мүддесін қорғайтын мекемелер арқылы демократиялық бақылауды іс жүзіне асыра алатын қалың қауым қажет. Партисипаторлық демократияның теоретиктері (Дж. Вольф, Ф. Грин, Б. Барбер) Қарапайым жұрттың өзін-өзі басқара алу қабілеті жөніндегі демократияның классикалық теориясына қатысты негізгі идеяға деген сенімі мықты. Плуралистер мен элитестерден айырмашылығы, олардың пайымдауынша, саяси биліктің демократиялық қарсы позициясы олардың көздеген мақсаты емес, керісінше жалпы тәрбиенің төмендігінің экономика саласындағы деңгейінің тұрақсыздығының және саяси процестердің тиімді әсер ету мүмкіншілігінің жоқтығының нәтижесі ПДТ қолдаушылары бүгінгі қоғам құрылысының аралас-құралас түрін ұсынады. Бұл жерде нағыз демократияның элементтері өкілдік демократиямен үйлесіп жатуы қажет. К. Макферсон пікірінше, үлкен қоғамдарда тікелей қатысу демократиясының негізінде нағыз демократиясы бар және негізінен жоғары деңгейлердегі делегаттар

демократиясы бар пирамидалы жүйе түрінде ұйымдастырылу қажет. Бұл жағдайда сайланған өкілдер жалпы көзқарастың өмірге келуіне дәнекер болуы қажет және оларды осы өкілеттілікке ұсынған

Демократияның плюралистік теориясы (дисперсия-бытырау) анықтамасы үкіметтің көптеген субъектілері туралы XIX ғасырдың басында қалыптасты. Теорияның негізін салушы А. Бентли және Г. Уоллестің пайымдауынша саяси процесс дегеніміз өзіндік топтық меншіктері, саяси түсініктері, мақсаттары бар көптеген әлеуметтік, кәсіби, діни, саяси жергілікті, ұлттық және басқа топтардың өзара саяси күресі. Мүдделі топтар болып бөлінеді, яғни саяси партия, қозғалыстар, кәсіби одақтар, кәсіпорындар қауымдастығы, қоғамдық ұйымдар бәрі есептеледі. Үкімет билігі бытыранқы болғандықтан әртүрлі одақтар арасында бақталастық туады. Ол бұл үкіметтің орталық басқару органдарының ролін түпкілікті өзгертеді. Ал үкіметке соттық атрибуттық және табыстырушы функциясын қалдырады. Осы идеяның әрі қарай дамуы Д. Трумэн, Р. Дау, Г. Ласки т.б. еңбектерінде кездеседі. Демократияның плюралистік теориясына үлкен үлес қосқани Дж. Шумпетер, оның көрсетуі бойынша «демократия- халықты басқару емес, ол тек үкімет басына саяси билікке қол жеткізген, олардың сайлауға немесе сайлануға ғана құқы бар».

Сайлау саяси процестің бір түрі ғана емес, демократияның басты белгілерінің бірі. Қазіргі демократиялық қоғамда азаматтардың саяси белсенділігін білдіретін процесс - сайлауға қатысу. Сайлау жүйесі, белгіленген уақытта заңға сәйкес өткізіліп отырады. Сайлау мәселесі – билік басына неғұрлым сенімді түрде қоғамның жақсы деген өкілдерін әкелу мүмкіндігі.

Саяси билік органдарына сайлану дегеніміз басты мақсаты қоғамның ең қалаулы деген өкілдерін билікке, басқаруға ұсыну ғана емес, көптеген маңызды әлеуметтік саяси функцияларды орындау болып табылады. Сайлау әртүрлі әлеуметтік топтардың артикуляциясының ерекше механизмі. Сайлау кезінде адамдар өмірлік маңызды мәселелерді терең сезінеді. Сондықтан да билік органдарына ұсынылатын кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламалары қысқаша әрі нұсқа түрде тұрғын халықтың әртүрлі топтарының маңызды әлеуметтік қажеттіліктерін білдіріп, мүдделерін қорғап, білімді қамтамасыз ету керек. Сайлау ерекше саяси рынок, онда кандидаттар өзінің бағдарламаларының орнына сайлаушылардың өкілеттігін алады. Бірақ мұнда тек ең қызықты бағдарламалар сайлаушылар үшін аса бағалы саналады. Сонымен бірге бұл рыноктағы «валюта» сеніммен әсер ету сияқты, яғни ерекше формальды емес адамдардың өзара қатынасы қасиеттері орын алады. Сайлау тұрғын топтардың мүдделерінің арасында бейбіт түрдегі бәсекелестікті жүргізеді. Сайлау алдындағы күрес кезінде қарама – қайшы келетін саяси позицияларды бұқара халықтан қолдау табатын шешімдермен ауыстырады. Осы мақсатта сайлау институционализацияның басты бір тәсілдері ретінде және әлеуметтік қайшылықты шешетін әдістерінің бірі ретінде де болады. Сайлау күштеу, революцияға қарағанда қоғамдағы әлеуметтік – саяси қайшылықтарды қоғамға тән, сәйкес келетін формада шешетін тиімді әлеуметтік клапан болып табылады. Сайлау процесінде өкілдік қатынастардың пайда болуы мен институционализациясы сияқты маңызды функция атқарады.

Қоғамның әрбір мүшесі қандай да бір әлеуметтік топтағы мүддесін білдіріп, билік органдарының өкілі бола алады. Сайлаудың функцияларының бірі ретінде сайлау компанияларының кезіндегі халықтың саяси қатысуының активизациясы, саяси социализациясы, жеке адамның ресоциализациясын да айтуға болады.

Сайлау жүйелерінің түрлері: Жалпы сайлау құқын бекіткен кезде дамыған елдерде 2 маңызды сайлау жүйесі қалыптасты: мажоритарлық және пропорционалды. Басында мажоритарлы сайлау жүйесі кең таралды. Мұның мәні мынада: яғни депутаттық орындар әрбір округте қай кандидаттың партиясы көпшілік дауысқа ие болса, соған тиесілі болады, ал қалған партия, кандидаттар ұсына алмай қалады. Мажоритарлық жүйе заңның депутаттарға қандай көпшілікті, яғни салыстырмалы ма, әлде абсолюттіні талап ететініне байланысты болды. Мажоритарлық жүйеде дауыс берудің қорытындысын анықтау жүйесі. Бұл жүйе бойынша жартысынан не одан да басым дауыс жинаған кандидат жеңіп шықты деп есептеледі. Бұл жүйенің негізгі принциптері:

Мажоритарлық жүйе

Абсолютті көпшілік Принципі
(50%+1 дауыс)

Салыстырмалы принцип
қарсыластың дауысынан көп

Ал, пропорционалды жүйеде мандаттар дауыс беру санына сәйкес партиялардың арасында бөлінеді. Кейде солшыл партиялар пропорционалды жүйені неғұрлым демократиялы деп мажоритарлыға қарсы қойған: пропорционалды жүйе бойынша.

– Пропорционалды жүйе жалпы ұлттық деңгейде сайлау округі кезінде бөлшектенбейді және дауыс берушілер саяси партияларға өз елдерінің шеңберінде дауыс береді.

– Бұл жүйе көп мандатты округтерде, округтер шеңберінде партияның өкілдері үшін дауыс бергенде жүреді, бұл кезде парламенттегі орындар округтегі партияның әсер етуіне байланысты бөлінеді. Яғни мұнда пропорционалды өкілдік принциптер қолданылады. Сайлау органдары, орындары осы партиялық тізім бойынша берілетін дауысқа байланысты.

Ал кейбір елдерде аралас сайлау жүйесі кездеседі, мысалы: президенттік сайлау мажоритарлық жүйемен, парламенттік сайлау пропорционалдық принциппен.

Демократия - бұл потенциалды басқарушылардың сайлаушылар дауысына тең бәсекесі. Демократия - азшылықтың саяси билігі. Демократияның плюралистік теориясы қоғамдық өмірдегі жеке және топтық ережелерге, бостандық пен теңдік, саяси қатынастарға, үкіметтің қоғамдық өмірдегі өміршеңдігі туралы бара- бар сұрақтарға жауап бере алмады. Осыған байланысты 60 жылдардың аяғында демократияның плюралистік теориясы дағдарысқа ұшырады. Осы теорияны жақтаушылардың бір бөлігі сипаттауды керек етпейтін жорамал элитарлық демократияны қабылдаса (С. Липсет, Д.Белл) басқа бөлігі, (эволюция) бірте-бірте даму жолында, партисипаторлық демократия теориясы шеңберінен шықпай, идеяларын дамытып жатыр.

Саяси технологиялар. Заманауи саясаттануда негізінен ертеректе инженерлік пәндерде қолданылған ұғымдарға негізделген категориялар қолданылады. Олар: технологиялар, тетіктер (механизмдер), билікті іске асыру технологиялары, заманауи саяси технологиялар, басқару тетіктері, ақпараттық технологиялар, лобби қызметінің технологиялары, парламентариялық технологиялар, жетекшінің имиджін қалыптастыру технологиялары, сайлау технологиялары, «лас» технологиялар, жарнамалық технологиялар, «паблик рилейшнз» технологиялары. Техника («techne» грек тілінен аударғанда – өнер, шеберлік, икемділік) – бұл қызмет тәсілдері мен дағдыларының жиынтығы. Бұл сөз бастапқы мағынасында және бүгінге дейін сақталған (шешендік шеберліктің техникасы, музыканттық, дирижерлік, бишілік, суретшілік, спортшылық, т.б.).

Саяси технологиялар түсінігіне мемлекеттік билік үшін күрестегі саяси топтар мен ұйымдардың тиімділігін арттыратын әрекеттерді жатқызуға болады. Заманауи қоғамдағы саяси технологиялар – бұл қоғамдық ойларды манипуляциялау (айла, амал, қулық) тәсілдерінің өтеуі және енгізілетін таңдамалы технологиялармен тығыз байланысты саяси қызметтің маңызды салаларының бірі. Саяси технологиялар негізгі екі әдістемеге ие: саяси стратегияларды (саяси технологиялардың әмбебап компоненттері) жүзеге асыруда уақытқа немесе орынға тәуелсіз әдіс және уақыт пен орынның мұқият таңдалуына сүйенетін әдістер мен тетіктер (саяси технологияның нақтылы-эвристикалық компоненті). Заманауи қоғамның реттеушілігі және шоғырланушылығы – жүзеге асырылуы саяси органдардың саяси шешімдерді мақұлдау және орындау үшін бұқараның санасы мен психологиясына әсер етуіне тәуелді саяси биліктің маңызды міндеттері. Бұл зерттеуге, негізгі формаларды білуге және азаматтардың психологиясы мен түсінігіне негізделген бұқаралық санаға әсер ету әдісін тұрақты жетілдіруді талап етеді.

«Прогноз» термині (грек тілінен аударғанда «прогнозис») болжам, болжау деген мағынаны білдіреді. Болжау – бұл болжамның жұмысы.

Әдетте болжау кең және тар мағынада ұғынылады. Кең мағынада – бұл болашақта болатын бір жағдайдың мүмкіндігі. Тар мағынада – бұл көп не аз мерзімдегі өзгерісі мен сандық бағалауы жоғары қандай да бір құбылыстың даму келешегінің арнайы ғылыми зерттеуі.

Адамның болжаумен айналысуының негізгі себебі, болашақты болжаудың адамдардың бүгінгі күнгі қабылдайтын шешімдеріне әсер еткендіктен маңызды болып танылуы. Сондықтан ол өзінің интеллектімен болашаққа қарауға тырысады. Әрбір болжам оқиғалардың дамуындағы болуы ықтимал, қажеті жоқ, қаламайтын шешімдерден құтылу және қалаған бағытта даму мүмкіндігін тездету, сонымен қатар шарасыздыққа бейімделу мақсатында жасалады.

Болжау қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылады. Оның тағы бір бағытына негізгі объектісі саясат болып табылатын саяси болжау жатады.

Саяси өмір қоғамның, адамдардың өмір сүруінің бір саласы. Басқа салалар сияқты оларға да мәнді, берік, қайталанатын және қажетті қатынастар, яғни объективті заңдылықтар тән. Сонымен болжаудың маңызды негізі шындықтың белгілі бір аймағындағы, дәлірек айтқанда саяси саладағы объективті заңдылықтардың іс-әрекеті болып табылады.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Арон Р. Демократия и тоталитаризм. – М., 1993.
2. Лейпхарт А. Многосоставные общества и демократические режимы – М., 1997.
3. Томас Джефферсон о демократии / Сост.: Сол К. Падовер –СПб., 1992.
4. Токвиль А. Демократия в Америке. – М., 1999.
5. Жамбылов Д. Демократия - қоғамның қозғаушы күші // Саясат, 1997, №6.
6. ҚР Конституциясы. Алматы, 2008.
7. Пугачев В.П., Соловьев А.И. Введение в политологию. М., 1997.
8. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.Ю., Акимова А.М. Введение в политологию. Алматы, 1998.
9. Бижанов А. Мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыттары- баянды даму кепілі // Ақиқат, 2002, №12.
10. Рахымбаева А.С. Саясаттану. Дәрістер жинағы. Астана, 2006.

СӨЖ тапсырмалары:

1. Дәптерге ҚР Конституциясынан адам құқықтары мен ҚР азаматтарының құқықтарын жазу.
2. Берілген тақырыптардың біріне қалауы бойынша реферат жазуға дайындалу.

7-тақырып. Саяси процесс және саяси іс-әрекет (1сағат).

Дәрістің жоспары

1. «Саяси процесс» түсінігі мен оның мазмұны.
2. Саяси процестің құрылымы, оның компоненттерінің сипаттамасы.
3. Саяси процесті іске асырудың негізгі кезеңдері.

Саяси процесс ұғымы кең және тар мағынасында қолданылады. Кең мағынасында ол қоғамның саяси жүйесінің уақытпен кеңістікте дамып, жұмыс істеуін білдіреді. Тар мағынасында түпкілікті нақты нәтижеге жеткен белгілі бір көлемдегі процесті көрсетеді. Мысалы, қайсы бір партия не қозғалыстың қалыптасуы, сайлаудың өткізілуі, басқарудың жаңа құрылымының дүниеге келуі және т.б. Қоғамдық өмір, оның ішінде саяси сала — өте күрделі құбылыс. Саяси процесс жіктеліп, топталады. Саяси еркіндікті іске асыру объектісіне қарай ол ішкі және сыртқы саяси процесс болып бөлінеді. Сыртқы саяси процесс жөнінде кейін арнайы сөз болады. Ал ішкі саяси процесс азаматтардың саяси белсенділігінің институцияланған түрлерінен, олардың іс-әрекетінен, билік құрылымының ұйымдасуынан және т. б. белгілі болады. Олар азаматтарды саяси іске тарту, жұмылдырудың амал-әрекеттерін, басқару түрлерін айқындайды. Саяси ұйымдардың жаңа талаптарға сай жұмысын, құрылымын өзгертіп, бейімделе, икемделе білуі оның әлеуметтік ортаға етер ықпалының деңгейін көрсетеді.

Саяси билікті ұйымдастыру жүйесінің сапасына қарай демократиялық және антидемократиялық саяси процесс етіп бөледі. Демократиялық түрінде халық (тікелей немесе өкілдері арқылы) билейді. Антидемократиялық процесте авторитарлық билік пайда болады. Өздеріне тән саяси түсініктері,

көзқарастары, іс-қимылдары бар саяси қатынастардың жаңа субъектісі дүниеге келеді.

Саяси билікті ұйымдастыру жүйесінің сапасына қарай демократиялық және антидемократиялық саяси процесс етіп бөледі. Демократиялық түрінде халық (тікелей немесе өкілдері арқылы) билейді. Антидемократиялық, процесте билік авторитарлық көсем, монархтың, бір билеуші партияның, әскери топтың қолында болады.

Атқаратын қызметінің жариялылығы бойынша ашық және жасырын саяси процесс деп топтастырылады. Ашығында азаматтар, топтар билік институттарымен үздіксіз кездесіп, мақсат-мүдделерін білдіріп отырады. Билік органдары қоғамдық пікірді зерттеп, саралап, олардың талап-тілектерін ескеріп, соған орай саяси бағытына түзетулер енгізеді.

Жасырын түріне тоталитарлық, тәртіпті атауға болады. Онда бүкіл билік орталықтың қолында, жергілікті жердің ой-мақсатымен санаспайды, стратегиялық мәні бар саяси шешімдерді қабылдаудан шеттетіледі. Адамдардың барлық өмірі қатаң бақылаудың астына түсіп, еркіндіктері мен бостандықтары шектеледі.

Адамдар саяси процеске екі түрлі қатысады. Біріншісінде, саяси жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін өкілдік органдар арқылы, екіншісінде, азаматтардың тікелей қатысуы арқылы саяси билікке әсер етеді.

Өкілдік органдар арқылы қатысқанда өз араларынан заң қабылдайтын және күнделікті мемлекетті басқару қызметін атқаратын адамдарды сайлайды. Олар белгілі бір мөлшерде сайлаушылар алдында жауап береді.

Тікелей қатысу өз кезегінде екіге бөлінеді. Біріншісі — институционалданып реттелген демократия. Онда азаматтар сайлау, референдум, плебисциттерге қатысу арқылы өз көзқарастарын білдіреді.

Қазіргі демократиялық қоғамда азаматтардың көбінің саяси белсенділігін білдіретін түрі — сайлауға қатынасу. Сайлау жүйелі, заң белгілеген уақытта өткізіледі.

Сайлау жасырын дауыспен беріледі. Сайлаушының бюллетеньді қалай толтырып жатқанын ешкімнің бақылауға қақысы жоқ. Кейбір елдерде сайлау нәтижесін бұрмалауға жол бермеу үшін арнаулы дауыс беру машинасын пайдаланады.

Ұйымдастырылу және өткізу жағынан сайлауға ұқсас келетін — референдум. Бұл — заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы саяси мәселені түпкілікті шешу мақсатында сайлаушыларға жасалған тікелей үндеу.

Референдумның бір түріне плебисцит (латынның қарапайым халық және шешім деген сөздерінен шыққан) жатады. Ол, әдетте, халықаралық қатынастарда басқа елдің жерін күшпен қосып алған жағдайда, халықтың пікірін білу үшін өткізіледі.

Саяси процеске қатысудың екінші түріне бұқаралық жиналысқа (митингіге), шеруге, ереуілге қатысу арқылы саяси билікке ықпал жасау жатады.

Шеру (демонстрация) — белгілі бір идеяны, талапты жақтаушы көпшіліктің салтанатты жүруі, саяси биліктің әрекетін қолдау не оған қарсылық білдіруге бағытталады.

Ереуіл — саяси қысым жасау мақсатында жұмысты тоқтату, белгілі бір талаптарды қабылдауға тырысушылық. Оның негізгі себебі көбіне әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты келеді.

Адам саяси өмірге бірден араласа қоймайтыны белгілі. Ол бірте-бірте әлеуметтеніп, саяси субъектіге айналады. Саяси әлеуметтену деп қоғамдық процестердің ықпалының нәтижесінде жеке адамның белгілі бір саяси рөл атқарып, әлеуметтік-саяси қалыптасуын айтады. Саяси әлеуметтену отбасы, құрдастар тобы, мектеп, саяси ұйым сияқты өмірдің сан саласының ортасында пайда болып, одан әрі өрбиді. Ол тәрбие, үлгі-өнеге, саяси насихат, өмір салтының ықпалы және өзінің саяси тәжірибесі арқылы іске асады. Оның қалыптасуына сол кездегі тарихи дәуір, шет елдердегі жағдай, осы мемлекеттің саяси әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуы, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіп сипаты, топтық, таптық, ұлттық өзгешеліктер т.б. әсер етеді.

Саяси әлеуметтенуге негізгі ықпал жасайтын күш — саяси жүйе. Ол бұл саладағы мақсатын мектеп, жастар ұйымдары, әскер, қоғамдық-саяси ұйымдар арқылы іске асырады. Сонымен қатар адамды жас кезінен саяси әлеуметтендірудің құралы болып табылатындар — теледидар, радио, баспа орындары, әдебиет, өнер. Олар арқылы қоғамның мүддесіне сәйкес іс-әрекет жасауға бағытталған, тәрбиелік мәні бар хабарламалар жасалады.

Азаматтардың саяси өмірге қатысуы олардың партияларға, саяси ұйымдарға мүше болуынан, мемлекеттік билікті сайлау қызметіне, саяси жиналыстарға және жалпы сайлауларға қатынасуынан білінеді. Саяси өмірге қатысты деп мерзімді баспасөзді оқуы, радио, теледидардағы саяси хабарлармен танысуды да атауға болады. Саяси іс-әрекеттің ерекше түріне азаматтардың мемлекеттік және партиялық органдарға үндеу салуы, газет, журнал, радио, теледидар редакцияларына қазіргі жағдайды жақсарту туралы білдірген ынта мен ықыласы жатады. Бірақ олар адамның жеке басының ғана емес, қоғамдық мүдделерді қамтитын сипатта болуы керек.

